



Professional GAS 35 M AFC


Robert Bosch Power Tools GmbH
70538 Stuttgart
GERMANY

www.bosch-pt.com

1 609 92A 7ZD (2025.08) T / 19



1 609 92A 7ZD






kk Пайдалану нұсқаулығының
түпнұсқасы













Қазақ Бет 8
















Қазақ

Еуразия экономикалық одағына (Кеден одағына) мүше мемлекеттер аумағында қолданылады

Өндірушінің өнім үшін қарастырған пайдалану құжаттарының құрамында пайдалану жөніндегі осы нұсқаулық, сонымен бірге қосымшалар да болуы мүмкін. Сәйкестікті растау жайлы ақпарат қосымшада бар. Өнімді өндірген мемлекет туралы ақпарат өнімнің корпусында және қосымшада көрсетілген. Өндірілген мерзімі бұйым корпусында көрсетілген. Импорттерге қатысты байланыс ақпарат өнім қаптамасында көрсетілген.

Өнімді пайдалану мерзімі

Өнімнің қызмет ету мерзімі 7 жыл. Өндірілген мерзімнен бастап (өндіру күні зауыт тақтайшасында жазылған) істетпей 5 жыл сақтағаннан соң, өнімді тексеруші (сервистік тексеру) пайдалану ұсынылмайды.

Қызметкер немесе пайдаланушының қателіктері мен істен шығу себептерінің тізімі

- тұтқасы мен корпусы бұзылған болса, өнімді пайдаланбаңыз
- өнім корпусынан тікелей түтін шықса, пайдаланбаңыз
- тоқ сымы бұзылған немесе оқшаулаусыз болса, пайдаланбаңыз
- жауын –шашын кезінде сыртта (далада) пайдаланбаңыз
- корпус ішіне су кірсе құрылғыны қосушы болмаңыз
- көп ұшқын шықса, пайдаланбаңыз
- қатты діріл кезінде пайдаланбаңыз

Шекті күй белгілері

- тоқ сымның тозуы немесе зақымдануы
- өнім корпусының зақымдалуы

Қызмет көрсету түрі мен жиілігі

Әр пайдаланудан соң өнімді тазалау ұсынылады.

Сақтау

- құрғақ жерде сақтау керек
- жоғары температура көзінен және күн сәулелерінің әсерінен алыс сақтау керек
- сақтау кезінде температураның кенет ауытқуынан қорғау керек
- орамасыз сақтау мүмкін емес
- сақтау шарттары туралы қосымша ақпарат алу үшін МЕМСТ 15150-69 (шарт 1) құжатын қараңыз

Тасымалдау

- тасымалдау кезінде өнімді құлатуға және кез келген механикалық ықпал етуге қатаң тыйым салынады

- босату/жүктеу кезінде пакетті қысатын машиналарды пайдалануға рұқсат берілмейді.
- тасымалдау шарттары талаптарын МЕМСТ 15150-69 (5 шарт) құжатын оқыңыз.

Сорғыш үшін қауіпсіздік нұсқаулары



Барлық қауіпсіздік нұсқаулықтарын және ескертпелерді оқыңыз. Техникалық қауіпсіздік нұсқаулықтарын және ескертпелерді сақтамау тоқтың соғуына, өрт және/немесе ауыр жарақаттануларға алып келуі мүмкін.

Болашақ жұмыстар үшін қауіпсіздік нұсқаулықтары мен ескертпелерді сақтап қойыңыз.

- **Бұл шаңсорғыш балалардың, дене немесе ой қабілеттері шектелген, тәжірибесі және білімі аз адамдардың пайдалануына арналмаған.** Кері жағдайда дұрыс пайдаланбау және жарақаттанулар қауіпі пайда болады.
- **Балаларға абай болыңыз.** Балалардың шаңсорғышпен ойнамауына көз жеткізіңіз.
- **Сорылатын заттек бойынша қауіпсіздік техникасының барлық ережелерін сақтаңыз.**

⚠ ЕСКЕРТУ

Асбестік заттектерді сормайңыз.
Асбест канцерогенді болып

табылады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Шаңсорғышты пайдалану, соратын заттектер мен оларды дұрыс жою туралы қажетті ақпаратты алғаннан соң ғана шаңсорғышты пайдаланыңыз. Нұсқаулықтарды дәл орындау орынсыз пайдалану мен жарақаттануларды азайтады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Шаңсорғыш құрғақ заттектерді және тиісті шаралар арқылы сұйықтықтарды да соруға арналған. Сұйықтықтар тиюі тоқ соғу қаупін арттырады.

- **Шаңсорғышпен бензин, май, спирт, еріткіштер сияқты жанғыш немесе жарылғыш сұйықтықтарды соруға болмайды. Ыстық, жанып тұрған немесе жарылғыш шанды соруға болмайды. Шаңсорғышты жарылу қаупі бар жайларда пайдалануға болмайды.** Шаң, бу немесе сұйықтықтар тұтануы немесе жарылуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Розетканы тек пайдалану нұсқаулығында белгіленген мақсаттарда пайдаланыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Көбік немесе су шықса шаңсорғышты бірден өшіріп, контейнерін тазалаңыз. Кері жағдайда шаңсорғыш зақымдануы мүмкін.

- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Шаңсорғышты тек ішкі бөлмелерде сақтау қажет.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Сұйықтық толтыру сенсорын жүйелі түрде тазалап, оның зақымдалмағанын

тексеріңіз. Кері жағдайда шаңсорғыш дұрыс істемеуі мүмкін.

- ▶ **Электр құралды ылғалды ортада пайдалану қажет болса, автоматты сақтандырғыш ажыратқышын пайдаланыңыз.** Автоматты сақтандырғыш ажыратқышын пайдалану тоқ соғу қауіпін төмендетеді.
- ▶ **Әр пайдаланудан алдын шаңсорғышты, кабельді және айырды тексеріңіз.** Ақауды байқасаңыз шаңсорғышты пайдаланбаңыз. Шаңсорғышты өзіңіз аспаңыз, оны тек білікті маманға және түпнұсқалы бөлшектермен жөндетіңіз. Зақымдалған шаңсорғыш, кабель және айыр электр тоғының соғу қаупін арттырады.
- ▶ **Кабельді баспаңыз немесе оны жаншыл тастамаңыз.** Айырды розеткадан шығару немесе шаңсорғышты жылжыту үшін кабельді тартпаңыз. Зақымдалған кабель электр тоғының соғу қаупін арттырады.
- ▶ **Құрылғыны реттеу, жабдық бөлшектерін алмастыру немесе шаңсорғышты алып қояудан алдын айырды розеткадан шығарыңыз.** Осы сақтық шарасы шаңсорғыштың байқаусыз қосылуына жол бермейді.
- ▶ **Жұмыс орнының жақсы желдетілуіне көз жеткізіңіз.**
- ▶ **Шаңсорғышты тек білікті маманға және арнаулы бөлшектермен жөндетіңіз.** Сол арқылы шаңсорғыш қауіпсіздігін сақтайсыз.
- ▶ **Егер шаңсорғыш денсаулыққа зиянды заттектер бар аймақтарда қолданылса, оны қауіпті аймақтан шығармас бұрын оның сыртын шаңсорғышпен тазалаңыз, сүртіңіз немесе саңылаусыз етіңіз.** Шаңсорғыштың барлық бөлшектері ластаған деп есептеледі және денсаулыққа зиянды заттектердің таралуына жол бермеу үшін арнайы шаралар қолдану керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

Сорғыш денсаулыққа зиян келтіретін шаңды жұтады.

Босату және техникалық қызмет көрсету әрекеттерін, соның ішінде шаң жинағыш контейнерді тазалау бойынша жұмыстарды мамандандырылған кәсіпорындарға орындауға тапсырыңыз. Тиісті қорғаныс жабдығы қажет болады. Сорғышты толық және мұқият енгізілген сүзгі жүйесінсіз пайдаланбаңыз. Кері жағдайда денсаулығыңызға зиян келуі мүмкін.

- ▶ **Пайдалану алдында сорғыш шлангтың ақаусыз болуына көз жеткізіңіз.** Шаң таралмауы үшін сорғыш шлангы шаңсорғышқа қосулы тұрсын. Шаңды жұтып жіберу мүмкін.
- ▶ **Шаңсорғыш үстіне отырмаңыз.** Шаңсорғышты бұзуыңыз мүмкін.
- ▶ **Желі кабелін және сорғыш шлангын абайлап пайдаланыңыз.** Олардың өзге адамдарға зиян келтіруі мүмкін.

- ▶ **Шаңсорғышты тікелей бағыттылған су ағынымен тазаламаңыз.** Шаңсорғыш жоғарғы бөлігінің ішіне су кірсе, ол электр тоғының соғу қаупін арттырады.
- ▶ **Шаңсорғышты тиісті тәртіппен жерге түйікталған ток желісіне жалғаңыз.** Розетка мен ұзартқыш кабельде ақаусыз қорғаныш сым болуы қажет.

Белгілер

Төмендегі белгілер шаңсорғышты пайдаланған кезде маңызды болуы мүмкін. Белгілер мен олардың мағынасын жаттап алыңыз. Белгілерді дұрыс түсіну пайдаланушыға шаңсорғышты дұрыс әрі сенімді пайдалануға көмектеседі.

Белгілер мен олардың мағынасы



ЕСКЕРТУ! Барлық қауіпсіздік техникасының нұсқауларын және ескертпелерді оқып шығыңыз.

Қауіпсіздік техникасының нұсқауларын және ескертпелерді сақтамау ток соғуға, өртке және/немесе ауыр жарақаттануға әкелуі мүмкін.



IEC/EN 60335-2-69 бойынша M класындағы шектік мәні $\geq 0,1 \text{ мг/м}^3$ болған денсаулыққа зиянды шаңды **құрғақ соруға** арналған сорғыш



ЕСКЕРТУ! Сорғыш денсаулыққа зиян келтіретін шаңды жұтады. Босату және техникалық қызмет көрсету әрекеттерін, соның ішінде шаң жинағыш контейнерді тазалау бойынша жұмыстарды мамандандырылған кәсіпорындарға орындауға тапсырыңыз. Тиісті қорғаныс жабдығы қажет болады. Сорғышты толық және мұқият енгізілген сүзгі жүйесінсіз пайдаланбаңыз. Кері жағдайда денсаулығыңызға зиян келуі мүмкін.



**max. 1 L-Boxx
max. 15 kg**

Ең көбі бір ғана L-BOXX шертіңіз.

L-BOXX және ішіндегісінің салмағы 15 кг-нан артық болмауы тиіс.




Шаңсорғышты, мысалы, тасымалдау үшін кран ілгішіне ілмеңіз. Шаңсорғышты кранмен көтеруге болмайды. Жарақаттану және зақым келтіру қаупі бар.

Белгілер мен олардың мағынасы



Шаңсорғыш үстіне отырмаңыз, баспаңыз немесе тұрмаңыз. Кері жағдайда шаңсорғыш құлауы немесе зақымдалуы мүмкін. Жарақат алу қаупі бар.


**Іске қосу/тоқтату автоматикасы**

Жұмыс істеп тұрған электр құралдарынан шыққан шаңды сору. Шаңсорғыш автоматты түрде қосылып, шамалы уақыттан соң қайта өшеді.


0

Өшіру**Сору**

Жиналған шаңды сору



15	15 мм шланг диаметрі үшін ауа ағынын бақылау
22	22 мм шланг диаметрі үшін ауа ағынын бақылау
35	35 мм шланг диаметрі үшін ауа ағынын бақылау

**Min/Max**

Сору қуатын бірқалыпты реттеу:

- Шаңның үлкен мөлшері пайда болатын жұмыстарға арналған максималды сору қуаты
- Шаңның азырақ көлемі пайда болатын жұмыстар үшін және жалғанған электр құралы мен дайындама беті арасындағы сору қуатын реттеу үшін (мысалы, ажарлау кезінде) қолданылатын азайтылған сору қуаты

max.
2200 W
min.
100 W

Жалғанған электр құралының рұқсат етілген қосылым қуаты туралы деректер (елге байланысты)

Белгілер мен олардың мағынасы

**AFC**

Сүзгіні автоматты түрде тазалау (AFC = Automatic Filter Cleaning)

Өнім және қуат сипаттамасы

Пайдалану нұсқаулығының алдыңғы бөлшегінде берілген суреттерге назар аударыңыз.

Тағайындалу бойынша қолдану

Сорғыш ағаш жоңқасын, сондай-ақ тұтанбайтын құрғақ шаңды, тұтанбайтын сұйықтықтарды және су мен ауа қоспасын жинау, сору, тасымалдау және ажыратуға арналған. Сорғышта шаңның пайда болуы тексеріліп, ол M шаң класына сәйкес келеді. Ол кәсіпорындарда, мысалы, шеберханаларда, өнеркәсіпте және зауыттарда пайдалануға қойылатын аса жоғары талаптарға сай келеді.

IEC/EN 60335-2-69 бойынша M класындағы сорғыштарды тек шектік мәні $\geq 0,1 \text{ мг/м}^3$ болған денсаулыққа зиянды шаңды сору үшін пайдалануға болады.

Шаңсорғышты тек барлық қызметтерді толық бағалап, шектеусіз орындай алатын болғанда немесе тиісті нұсқаулықтарды алғаннан соң пайдалану керек.

Розетканы жұмыс кезінде тек құрғақ ортада пайдалану керек.

Көрсетілген құрамды бөлшектер

Көрсетілген құрамдас бөліктердің нөмірлері суреттері бар беттердегі шаңсорғыштың сипаттамасына негізделген.

- (1) Контейнер
- (2) Шаңсорғыш жалғағышына арналған тығын
- (3) Шланг қысқышы
- (4) Сорғыш шланг ұстағышы
- (5) Электр құралының розеткасы
- (6) Ауа ағынын реттегіш
- (7) Жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқыш
- (8) Сору қуатын реттегіш
- (9) AFC түймесі
- (10) Тұтқа
- (11) L-Boxx патроны
- (12) Шаңсорғыштың жоғарғы бөлігі
- (13) Шаңсорғыш жоғарғы бөлігінің құлпы
- (14) Жүргіргі дөңгелек

- (15) Басқару дөңгелегінің тежегіші

(16) Басқару дөңгелегі

(17) Кабель ұстағышы

(18) Сүзгі қаптамасының пластинасы

(19) Сору құбырларына арналған ұстағыш

(20) Тесік қондырма/қисайған қондырмаға арналған ұстағыш

(21) Едендік саптамаға арналған ұстағыш

(22) Сору адаптері

(23) Қисайған қондырма

(24) Сорғыш шланг

(25) Қоқыс қабы
- (26) Жалпақ қатпарлы сүзгі (ПЭС)

(27) Тесік қондырма

(28) Резеңке жиек

(29) Қылшақты жолдар

(30) Едендік саптама

(31) Сору құбыры

(32) Шланг ұстағышының патроны

(33) Батырма

(34) Қосымша сору саңылауы

(35) Бақылау жарық диоды

(36) Сүзгі қаптамасы

(37) Толтыру деңгейінің датчиктері

Техникалық мәліметтер

Ылғалды/құрғақ тазалауға арналған шаңсорғыш		GAS 35 M AFC	GAS 35 M AFC
Өнім нөмірі		3 601 JC3 1..	3 601 JC3 170
Номиналды кернеу	V	220–240	110
Номиналды тұтынылатын қуат	Вт	1200	1000
Жиілік	Гц	50–60	50–60
Контейнер көлемі (брутто)	л	35	35
Таза көлемі (сұйықтық)	л	19	19
Шаң жинағыш көлемі	л	19	19
Вакуум ^{A)}			
– Шаңсорғыш	гПа	230	211
– Турбина	гПа	254	242
Өткізу көлемі ^{A)}			
– Шаңсорғыш	л/с	36	31
	м³/с	0,036	0,031
	м³/сағ	129,6	111,6
– Турбина	л/с	74	71
	м³/с	0,074	0,071
	м³/сағ	266,4	255,6
Макс. сору қуаты	Вт	1380	1150
Қатпарлы сүзгі ауданы	м²	0,615	0,615
Шаң класы		M	M
Салмағы ^{B)}	кг	12,4	12,4
Қорғаныс класы		⊕/I	⊕/I
Шаңсорғыштың қорғаныс дәрежесі		IPX4	IPX4
Швейцариялық қуат ашасының қорғаныс дәрежесі		IP55	–

A) Ø 35 мм және ұзындығы 3 м сору шлангымен өлшелген

B) Желілік қуат сымсыз

Мәліметтер [U] 230 В кесімді кернеуге арналған. Басқа кернеу және елде қабылданған заңдар бұл мәліметтерді өзгертуі мүмкін.

Мәндер өнімге байланысты өзгешеленуі мүмкін, сондай-ақ пайдалану және қоршаған орта шарттарына бағынуы мүмкін. Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша қараңыз: www.bosch-professional.com/wac.

Іске қосу/тоқтату автоматикасы

Номиналды кернеу	Максималды қуат	Минималды қуат
230 В	2200 Вт	100 Вт
110 В	750 Вт	100 Вт

Жалғанған электр құралының рұқсат етілген қосылым қуаты туралы мәліметтер.

Елге тән басқа үлгілерде осы мәндер өзгешеленуі мүмкін. Шаңсорғыштың розеткасындағы мәліметтерге назар аударыңыз.

Шуыл және діріл туралы ақпарат

EN 60335-2-69 бойынша есептелген шуыл эмиссиясының көрсеткіштері.

Сорғыштың амплитуда бойынша есептелген дыбыстық қысым деңгейі әдетте **70 дБ(А)** құрайды. К дәлсіздігі = **3 дБ**. Шуыл деңгейі жұмыс барысында белгіленген шамадан асып кетуі мүмкін. **Құлақ қорғанысын тағыңыз!**

EN 60335-2-69 бойынша есептелген теңселу мәндері a_n (үздіксіз діріл), p_f (қайталанатын соқпа діріл) және K дәлсіздігі:

$$a_n = 0,1 \text{ м/с}^2 \text{ (} K = 0,5 \text{ м/с}^2 \text{)}, p_f = 2 \text{ м/с}^2 \text{ (} K = 1 \text{ м/с}^2 \text{)}$$

Монтаждау

- **Құрылғыны реттеу, жабдық бөлшектерін алмастыру немесе шаңсорғышты алып қоюдан алдын айырды розеткадан шығарыңыз.** Осы сақтық шарасы шаңсорғыштың байқаусыз қосылуына жол бермейді.

Сорғыш шлангінің ұстағышын орнату (А суретін қараңыз)

- Сорғыш шлангінің ұстағышын **(4)** жоғарыдан арнайы патрондарға **(32)** тірелгенше кіргізіңіз.

Сорғыш шлангіні монтаждау (В суретін қараңыз)

Тығынды **(2)** соруда бекіткішінен **(3)** тартыңыз.

Сорғыш шлангіні **(24)** шланг қысқышына **(3)** салып, оны сағат тілінің бағытымен тірелгенше бұраңыз.

- **Сорғыш шлангіні алар кезде сору келтеқұбырын әрдайым тығынмен жабыңыз.** Бұл шаңның шығуына жол бермейді.

Нұсқау: Соруда сору шлангында және жабдықтарында шаң үйкелісі арқылы электр заряд пайда болады, оны пайдаланушы статикалық тоқ ажыралуы арқылы сезуі мүмкін (қоршаған орта әсерлеріне және дене сезімдігіне байланысты).

Жалпы ретте Bosch антистатикалық сору шлангін (жабдық) майда шаң немесе құрғақ материалдарды соруда пайдалануды ұсынады.

Сору керек-жарақтарын орнату (С суретін қараңыз)

Сорғыш шлангы **(24)** қысқыш жүйесімен жабдықталған, сору керек-жарақтарын (сорғыш адаптер **(22)**, қисайған қондырма **(23)**) қосуға болады.

Сору адаптерін орнату

- Сору адаптерін **(22)** сору шлангына **(24)** сору шлангының екі басу түймешесі **(33)** дыбыспен тірелгенше салыңыз.
- Шешу үшін басу түймешелерін **(33)** ішіне басып бөліктерін ажыратыңыз.

Бүріккіштер мен құбырларды орнату

- Қисайған қондырма **(23)** сорғыш шлангіге **(24)** сорғыш шлангінің екі батырмасы **(33)** дыбыспен тірелгенше салыңыз.
- Содан кейін қажетті сору керек-жарақтарын (едендік қондырма, тесік қондырма, сорғыш құбыр және т.б.) қисайған қондырмаға **(23)** салыңыз.
- Шешу үшін батырмаларды **(33)** ішіне басып, құрамдас бөліктерді ажыратыңыз.

Қоқыс қабын немесе шаң жинағыш қапты орнату/шығару (құрғақ шаң сору) (D1–D2 суреттерін қараңыз)

М шаң класы бойынша заттектерді құрғақ сору үшін қоқыс қабын **(25)** немесе шаң жинағыш қапты орнату қажет.

Шектік мәні $\geq 1 \text{ мг/м}^3$ болатын немесе болмайтын заттектер (L шаң класы бойынша) сорылса, контейнерге тікелей соруға болады.

Нұсқау: сүзгіні автоматты түрде тазалау (AFC) функциясын өшіру қағаз сүзгі қабын пайдалану кезінде **міндетті**, ал тоқымалы сүзгі қабын пайдалану кезінде **қажетті** болып табылады (қараңыз „Сүзгіні автоматты түрде тазалау (H суретін қараңыз)“, Бет 14).

⚠ ЕСКЕРТУ Сорғыш денсаулыққа зиян келтіретін шаңды жұтады.

Босату және техникалық қызмет көрсету әрекеттерін, соның ішінде шаң жинағыш контейнерді тазалау бойынша жұмыстарды мамандандырылған кәсіпорындарға орындауға тапсырыңыз. Тиісті қорғаныс жабдығы қажет болады. Сорғышты толық және мұқият енгізілген сүзгі жүйесінсіз пайдаланбаңыз. Кері жағдайда денсаулығыңызға зиян келуі мүмкін.

Қоқыс қабын орнату

- Құлыптарды **(13)** ашып шаңсорғыштың жоғары бөлігін **(12)** ашыңыз.
- Қоқыс қабын **(25)** толтыру саңылауымен бірге алға қарай контейнер **(1)** ішіне енгізіңіз.
- Толтыру саңылауын жалғағыш фланецтен оның қуысына дейін тартыңыз.

- Қоқыс қабының **(25)** контейнердің **(1)** ішкі қабырғаларымен толығымен жанасқанына көз жеткізіңіз.
- Қоқыс қабының **(25)** қалдығын контейнер **(1)** шетінен қағыңыз.
- Шаңсорғыштың жоғары бөлігін **(12)** орнатып құлыптарды **(13)** жабыңыз.

Қоқыс қабын шығару және құлыптау

- Құлыптарды **(13)** ашып шаңсорғыштың жоғары бөлігін **(12)** ашыңыз.
- Толы қоқыс қабын **(25)** жалғағыш фланецтен артқа қарай тартып шығарыңыз.
- Қоқыс қабын **(25)** зақымдамай контейнерден **(1)** ақырындап шығарыңыз.
- Қоқыс қабының жалғағыш фланецке немесе басқа өткір заттарға тимегеніне көз жеткізіңіз.
- Желімдеу таспасының қаптамасын шешіп, қоқыс қабын желімдендіз.
- Содан кейін қоқыс қабын **(25)** толтыру саңылауының астынан тартылған желімдеу таспасының қаптамасымен байлаңыз.

Шаң қабын алмастыру/орнату (керек-жарақ)

- Құлыптарды **(13)** ашып шаңсорғыштың жоғары бөлігін **(12)** ашыңыз.
- Толық шаң қабын қосу фланецінен шығарыңыз. Шаң қабының тесігін қақпағымен жабыңыз. Жабық шаң қабын шаңсорғыштан контейнерден **(1)** алып қойыңыз.
- Жаңа шаң қабын шаңсорғыш ернеметік біріктіргішіне кигізіңіз. Шаң қабының контейнер **(1)** ішінде толықтай жатуына көз жеткізіңіз.
- Шаңсорғыштың жоғары бөлігін **(12)** орнатып құлыптарды **(13)** жабыңыз.

Резеңке жиекті орнату (ылғалды сору) (Е суретін қараңыз)

Нұсқау: өткізу деңгейіне қойылатын талаптар (М шаң класы) құрғақ сору функциясы үшін ғана расталды.

- Қылшықты жолды **(29)** сәйкес аспаппен едендік қондырмадан **(30)** шешіңіз.
- Резеңке жиегін **(28)** едендік қондырмаға **(30)** салыңыз.

Нұсқау: Резеңке жиектерінің құрылымды жағы сыртқа көрсетуі керек.

L-BOXX шертү (F суретін қараңыз)

Шаңсорғышты тасымалдау және шаңсорғыш керек-жарақтарын және/немесе электр құралын бос орынды үнемдеп сақтау үшін шаңсорғыштың жоғарғы бөлігінде L-BOXX шертүге болады.

- L-BOXX патрондарын **(11)** шертіңіз.

► **Шаңсорғышты шертілген L-BOXX тұтқасынан көтермеңіз.** Шаңсорғыш L-BOXX тұтқасы үшін өте ауыр болып табылады. Жарақаттану мен зақымдану қаупі бар.

Пайдалану

► **Құрылғыны реттеу, жабдық бөлшектерін алмастыру немесе шаңсорғышты алып қояудан алдын айырды розеткадан шығарыңыз.** Осы сақтық шарасы шаңсорғыштың байқаусыз қосылуына жол бермейді.

Пайдалануға ендіру

► **Желі қуатына назар аударыңыз!** Тоқ көзінің қуаты шаңсорғыштың зауыттық тақтайшасындағы мәліметтеріне сай болуы қажет.

► **Еліңізде денсаулыққа зиянды шаңдар бойынша қолданылатын ереже/заңдар туралы мәлімет алыңыз.**

Шаңсорғышты төмендегі материалдарды сору үшін пайдалануға болады:

- Шектік мәні $\geq 0,1 \text{ мг/м}^3$ болған шаң

Шаңсорғышты ешқашан жарылу қаупі бар бөлмелерде пайдаланбаңыз.

Оңтайлы сору қуатын қамтамасыз ету үшін сорғыш шлангіні **(24)** шаңсорғыш жоғарғы бөлігінен **(12)** толық алыңыз.

Құрғақ сору

Жиналған шаңды сору

- Ауа ағынын реттегішті **(6)** пайдаланылған шланг диаметріне сай реттеңіз.

- Шаңсорғышты **іске қосу** үшін, жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқышты **(7)** "Сору" белгісіне жылжытыңыз.

- Шаңсорғышты **өшіру** үшін, жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқышты **(7)** "Өшіру" белгісіне жылжытыңыз.



①

Шаңсорғыш ауа ағынын бақылау құралымен жабдықталған. Ауа ағынын бақылау құралы "Сору" жұмыс режимінде 20 м/с шамасына реттелген, бұл ауа ағынын реттегіштің **(6)** күйіне байланысты болмайды.

Егер бұл мән төмендесе, мысалы, сорғыш шлангідегі сорылған, толған шаң қабы немесе қосылған жалпақ қатпарлы сүзгі себебінен, дыбыстық сигнал беріледі. Бұл жағдайда шаңсорғышты өшіріп, "Ақаулықтарды жою" тарауында сипатталғандай тексеріңіз.

Жұмыс істеп тұрған электр құралдарынан шыққан шаңды сору (G суретін қараңыз)

► **Ауа бөлмеге қайты оралса, бөлмеде жеткілікті ауа алмасу дәрежесі болуы керек. Тиісті заңдарға назар аударыңыз.**

Шаңсорғышқа жерге қосылған розетка **(5)** кіріктірілген. Осы жерге сыртқы электр құралын жалғауға болады. Жалғанған электр құралының максималды рұқсат етілген қосылым қуатына назар аударыңыз.

Сору орнында жеткілікті шаңның тасымалдануын қамтамасыз ету үшін ауа ағыны қосылған электр құралы үшін минималды ауа ағынынан кем болмауы керек.

Шланг диаметрі	Ауа ағынының реттелген мәні
35 мм	57,9 м³/сағ
22 мм	41,2 м³/сағ
15 мм	12,7 м³/сағ

- Ауа ағынын реттегішті **(6)** пайдаланылған шланг диаметріне сай реттеңіз.
- Сору адаптерін **(22)** орнатыңыз.
- Сору адаптерін **(22)** электр құралының сору келте құбырына салыңыз.

Нұсқау: сорғыш шлангіге ауа кірісі аз болған электр құралдарымен жұмыс істегенде (мысалы, жұқа ара, ажарлағыш және т.б.), сору адаптеріндегі **(22)** қосымша ауа саңылауы **(34)** ашық болуы тиіс. Тек осылайша сүзгіні автоматты түрде тазалау функциясы ақаусыз жұмыс істеуі мүмкін.

Ол үшін сақинаны қосымша ауа саңылауы **(34)** арқылы саңылау барынша ашылғанша бұраңыз.

- Шаңсорғыштың **іске қосу/тоқтату автоматикасын қолданысқа енгізу** үшін жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқышты **(7)** "Іске қосу/тоқтату автоматикасы" белгісіне орнатыңыз. Осы жұмыс режимінде ауа ағыны реттегіштегі **(6)** параметрге сәйкес электрондық түрде бақыланады. Дұрыс таңдалған реттеуде жеткілікті шаң тасымалы қамтамасыз етіледі.
- Шаңсорғышты **қолданысқа енгізу** үшін розеткаға **(5)** жалғанған электр құралын іске қосыңыз. Шаңсорғыш автоматты түрде іске қосылады.
- Электр құралын өшіріп, **соруды тоқтатыңыз**. Іске қосу/тоқтату автоматикасы сорғыш шлангіде қалған шаңды сорып шығару үшін 15 секундқа дейін қосымша жұмыс істейді.
- Шаңсорғышты **өшіру** үшін жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқышты **(7)** "Өшіру" белгісіне жылжытыңыз. ⑦

Егер дыбыстық сигнал берілсе, шаңсорғышты "Ақаулықтарды жою" тарауында сипатталғандай тексеру керек.

Ылғал шаңсоры

- ▶ **Шаңсорғышпен бензин, май, спирт, еріткіштер сияқты жанғыш немесе жарылғыш сұйықтықтарды соруға болмайды. Ыстық, жанып тұрған немесе жарылғыш шаңды соруға болмайды. Шаңсорғышты жарылу қаупі бар жайларда пайдалануға болмайды.** Шаң, бу немесе сұйықтықтар тұтануы немесе жарылуы мүмкін.
- ▶ **Шаңсорғышты сорғы ретінде пайдалануға болмайды.** Шаңсорғыш ауа және су қоспасын соруға арналған.

Нұсқау: өткізу деңгейіне қойылатын талаптар (М шаң класы) құрғақ сору функциясы үшін ғана расталды.

Ылғал шаңсоры алдындағы жұмыс қадамдары

- Қажет болса, қоқыс қабын **(25)** немесе шаң жинағыш қапты шығарып алыңыз.

Нұсқау: су мен қатты заттек қосындысын сору кезінде оңай қоқысқа тастау үшін ылғал сүзгі қабын (керек-жарақ) пайдаланыңыз, ол сұйықтықты қатта заттектерден ажыратады.

- Резеңке жиекті **(28)** едендік саптамаға **(30)** енгізіңіз.
- Сүзгіні автоматты түрде тазалау (AFC) функциясын өшіріңіз.

Сұйықтықтарды сорып алу

Шаңсорғышты **қосу** үшін жұмыс режимінің ауыстырып-қосқышын **(7)** "Сору" белгісіне қойыңыз.

Шаңсорғыш толтыру деңгейінің датчиктерімен **(37)** жабдықталған. Максималды толтыру биіктігіне жетсе, шаңсорғыш өшеді. Жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқышты **(7)** "Өшіру" белгісіне жылжытыңыз.

Нұсқау: ток өткізбейтін сұйықтықтарды сору кезінде (мысалы, бұрғылау эмульсиясы, майлар) шаңсорғыш контейнердің толы күйінде өшпейді. Толтыру деңгейін жүйелі түрде тексеру және контейнерді дер кезінде босату керек.

Ылғал шаң сору кезінде дыбыстық сигнал берілсе, шаңсорғыштың жұмыс қауіпсіздігі төмендемейді. Ақаулықты жою үшін ешқандай шара қолдану қажет емес.

- Шаңсорғышты **өшіру** үшін жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқышты **(7)** "Өшіру" белгісіне жылжытыңыз.
- Шаңсорғышты тасымалдау үшін тығынды **(2)** шланг патронына **(3)** бұрап бекітіңіз.
- Контейнерді **(1)** босатыңыз.

Ылғалды шаң сорғаннан кейін зең басудың алдын алу үшін:

- Жалпақ қатпарлы сүзгіні **(26)** шығарып, оны жақсылап кептіріңіз.
- Шаңсорғыштың жоғарғы бөлігін **(12)** алып, сүзгі қаптамасын **(36)** ашыңыз және екеуін де жақсылап кептіріңіз.

Сүзгіні автоматты түрде тазалау (Н суретін қараңыз)

Сүзгіні автоматты түрде тазалау (AFC = Automatic Filter Cleaning) кезінде жалпақ қатпарлы сүзгі **(26)** бүкіл 15 секунд бойы ауа соққысы арқылы тазаланады (импульстік шуыл).

Сору қуаты жеткіліксіз болса, сүзгіні тазалау қажет.

Сүзгі тазалауды жүйелі түрде пайдалану арқасында сүзгінің пайдалану мерзімі ұзарады.

Сүзгінің оңтайлы пайдалану мерзіміне қол жеткізу үшін сүзгіні автоматты түрде тазалау функциясын тек ерекше жағдайда ғана өшіріңіз, мысалы, таза сұйықтықты сору немесе қағаз сүзгі қабын пайдалану кезінде.

Беті ластанған жалпақ қатпарлы сүзгі толықтай жұмысқа қабілетті. Жалпақ қатпарлы сүзгіні қағып немесе үрлеп

тазарту керек емес және мұндай әрекеттерден сүзгіге зақым тиюі мүмкін.

Нұсқау: сүзгіні автоматты түрде тазалау функциясы зауытта қосылады.

Сүзгіні автоматты түрде тазалау функциясын тек құрылғы қосулы болғанда қосуға/өшіруге болады.

- **АФС функциясын ажырату**
АФС түймесін **(9)** басыңыз.
Бақылау жарық диоды **(35)** өшеді.
- **АФС функциясын іске қосу**
АФС түймесін **(9)** басыңыз.
Бақылау жарық диоды **(35)** жасыл түспен жанады.

Техникалық күтім және қызмет көрсету

Техникалық қызмет көрсету және тазалау

► **Құрылғыны реттеу, жабды бөлшектерін алмастыру немесе шаңсорғышты алып қоюдан алдын айырды розеткадан шығарыңыз.** Осы сақтық шарасы шаңсорғыштың байқаусыз қосылуына жол бермейді.

► **Дұрыс және сенімді істеуі үшін шаңсорғыш пен желдеткіш саңылауларын таза ұстаңыз.**

Егер байланыс сымын алмастыру қажет болса, қауіпсіздіктің төмендеуіне жол бермеу үшін осы жұмыс тек **Bosch** компаниясы немесе **Bosch** электр құралдары бойынша өкілетті қызмет көрсету орталықтарында жүргізілуі тиіс.

► **Шаңсорғышты куту немесе тазалауда шаңтұтқыш маскасын киіңіз.**

Сорғыштың корпусын мезгіл-мезгіл дымқыл шүберекпен тазалап тұрыңыз.

► **Сорғышты сығылған ауамен тазаламаңыз.** Сүзгі немесе басқа да құрамдастар зақымдалуы мүмкін.

Жылына кем дегенде бір рет өндіруші немесе тапсырыс алған тұлға шаңға қатысты тексеру жұмыстарын орындауы қажет (мысалы, сүзгіде зақымдардың бар-жоғын, сорғыштың саңылаусыздығын және бақылау құрылғыларының ақаусыз жұмысын тексеру).

Денсаулыққа зиянды заттектерді сорғаннан кейін тазалау және техникалық қызмет көрсету

- Денсаулыққа зиянды заттектермен жанасқан болуы мүмкін барлық бөлшектерді ластанған деп есептеңіз.
- Сорғышты денсаулыққа зиянды заттектер бар аймақтан шығармас бұрын оның сыртын мұқият шаңсорғышпен тазалаңыз, сүртіңіз немесе саңылаусыз етіңіз.
- Өзіңіз бен басқа адамдар үшін қауіп төнбеген жағдайда ғана сорғышты тазалаңыз, бөлшектеңіз және оған техникалық қызмет көрсетіңіз. Техникалық қызмет көрсету және тазалау кезінде жеке қорғаныс жабдығын киіп жүріңіз. Жұмыстарды жақсы желдетілген жерде өткізіңіз.

- Сорғышты бөлшектемес бұрын алдымен оның сыртын тазалап шығыңыз.
- Шаңсорғыштың тиісінше тазалау мүмкін болмайтын кез келген бөлшектерін өткізбейтін қаптарға салып кәдеге жаратыңыз. Бұл ретте осындай қалдықтарды кәдеге жарату бойынша қолданыстағы ережелерді сақтаңыз.
- Жұмыстарды аяқтағаннан кейін техникалық қызмет көрсету аймағын тазалап шығыңыз.

Жалпақ қатпарлы сүзгіні шығару/алмастыру (I1–I2 суреттерін қараңыз)

Сору қуаты сүзгі күйіне байланысты болады. Сүзгіні жүйелі түрде тазалаңыз.

Зақымдалған жалпақ қатпарлы сүзгіні **(26)** дереу алмастырыңыз.

- Пластинаы **(18)** тартып, сүзгі қаптамасын **(36)** ашыңыз.
- Жалпақ қатпарлы сүзгіні **(26)** қалқасынан ұстап, оны жоғары қарай шығарыңыз.
- Жалпақ қатпарлы сүзгіні **(26)** шығару кезінде түсетін шаң мен кірді ылғалды шүберекпен сүзгі қаптамасының **(36)** жиегінен кетіріңіз. ПЭС және ПТФЭ жалпақ қатпарлы сүзгісін су ағынының астында шаюға болады.
- Жаңа немесе тазаланған жалпақ қатпарлы сүзгіні **(26)** орнатып, оның берік және дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Сүзгі қаптамасын **(36)** қайтадан жауып қойыңыз (шерту дыбысымен тірелуі тиіс).

Контейнерді тазалаңыз

Контейнерді **(1)** стандартты ысқаланбайтын тазалау құралымен тазалап келтіріңіз.

Толтыру деңгейінің датчиктерін тазалау (J суретін қараңыз)

Толтыру деңгейінің датчиктерін **(37)** қажетінше тазалаңыз.

- Құлыптарды **(13)** ашып, шаңсорғыштың жоғарғы бөлігін **(12)** алып тастаңыз.
- Толтыру деңгейінің датчиктерін **(37)** жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.
- Шаңсорғыштың жоғарғы бөлігін **(12)** орнатып құлыптарды **(13)** жабыңыз.

Сақтау және тасымалдау (K суретін қараңыз)

- Желілік кабельді кабель ұстағышына **(17)** ораңыз.
- Керек-жарақтарды өзінің арнайы ұстағыштарына салыңыз: сору құбырларын **(31)** ұстағыштарына **(19)**, тесік қондырманы **(27)** ұстағышына **(20)**, едендік саптаманы **(30)** ұстағышына **(21)**.
- Сорғыш шланг ұстағышының **(4)** иілімді таспасын ашып, сорғыш шлангіні **(24)** шаңсорғыш жоғарғы бөлігінің айналасынан ұстағышқа **(4)** салыңыз. Иілімді таспаларды қайта іліңіз.
- L-Voxh қорабын патрондарына **(11)** шертіңіз.

- Шаңсорғышты тасымалдаудан бұрын бел жарақаттануының алдын алу үшін толы қоқыс қабын немесе толы шаң жинағыш қапты шығарыңыз немесе алынған сұйықтықтарды босатыңыз. Шаңсорғышты тек тұтқасынан **(10)** ұстап тасымалдаңыз.

- Шаңсорғышты тасымалдау үшін тығынды **(2)** шланг патронына **(3)** бұрап бекітіңіз.
- Шаңсорғышты құрғақ бөлмеге қойыңыз және рұқсатсыз пайдаланудан қорғаңыз.
- Басқару дөңгелектерін **(16)** бекіту үшін басқару дөңгелектерінің тежегішін **(15)** төмен басыңыз.

Ақаулықтарды жою

► Егер ақаулық пайда болса, (мысалы, сүзгі бұзылған болса) шаңсорғышты дереу өшіру керек

болады. Қайта іске қосудан алдын ақаулықты жою керек.

Ақаулық	Шешім
Сору турбинасы жұмыс істемей тұр.	– Желілік кабельді, желілік ашаны, сақтандырғышты, розетканы және толтыру деңгейінің датчиктерін (37) тексеріңіз. Жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқыш (7) "Іске қосу/тоқтату автоматикасы" режимінде тұр. – Жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқышты (7) "Сору" белгісіне орнатыңыз немесе розеткаға (5) жалғанған электр құралын іске қосыңыз.
Сору турбинасы өшеді.	– Контейнерді (1) босатыңыз.
Сору турбинасы контейнер босатылғаннан кейін де жұмыс істемей тұр.	– Шаңсорғышты өшіріп, 5 секунд күтіңіз, 5 секунд өткеннен кейін қайта қосыңыз. – Толтыру деңгейінің датчиктерін (37) және датчиктердің (37) бос орнын қылшақпен тазалаңыз.
Сору қуаты төмендеді.	– Сору саптамасын, сору құбырын (31), сорғыш шлангіні (24) немесе жалпақ қатпарлы сүзгіні (26) жиналып қалған кірден тазартыңыз. – Қоқыс қабын (25) немесе шаң жинағыш қапты алмастырыңыз. – Сүзгі қаптамасын (36) дұрыс бекітіңіз. – Шаңсорғыштың жоғарғы бөлігін (12) дұрыс орнатып, құлыптарын (13) жауып қойыңыз. – Жалпақ қатпарлы сүзгіні (26) алмастырыңыз.
Шаң сору кезінде шаң шығып жатыр	– Жалпақ қатпарлы сүзінің (26) дұрыс орнатылғанын тексеріңіз. – Жалпақ қатпарлы сүзгіні (26) алмастырыңыз.
Өшіру автоматикасы (ылғал шаң сору) жұмыс істемей тұр.	– Толтыру деңгейінің датчиктерін (37) және датчиктердің (37) бос орнын қылшақпен тазалаңыз. Сұйықтықтар ток өткізбейтін болса немесе көбік пайда болса, өшіру автоматикасы жұмыс істемейді. – Толтыру деңгейін жүйелі түрде бақылаңыз.
Дыбыстық ескерту сигналы беріледі.	Тым төмен сору қуаты орнатылған. – Сору қуатын реттегішті (8) жоғарырақ мәнге орнатыңыз. Дұрыс емес шланг диаметрі орнатылған. – Ауа ағынын реттегішті (6) сору шлангінің дұрыс диаметріне сәйкес орнатыңыз. Сорғыш шланг (24) бітелген немесе бүктелген. – Бітелісті немесе бүктелуді кетіріңіз. Қоқыс қабы/шаң жинағыш қап толып кетті. – Қоқыс қабын (25) немесе шаң жинағыш қапты алмастырыңыз. Жалпақ қатпарлы сүзгі (26) ластанған. – Жаопақ қатпарлы сүзгіні тазалаңыз немесе қажет болса, алмастырыңыз. Жалғанған электр құралы арқылы жеткілікті ауа ағыны өтпей жатыр.

Ақаулық	Шешім
	- Қосымша ауа саңылауын (34) сору адаптерінде (22) ашыңыз: сору адаптеріндегі сақинаны қосымша ауа саңылауы толығымен ашылғанша бұрап тұрыңыз. - Бар болса: электр құралының қосымша ауа саңылауын ашыңыз.
	Бақылау электроникасы қате жұмыс істеп тұр.
	Bosch өкілетті сервистік орталығына хабарласыңыз.
Сүзгіні автоматты түрде тазалау функциясы жұмыс істемей тұр.	- Сүзгі тазалау функциясын іске қосыңыз (AFC түймесін (9) басыңыз). - Сорғыш шлангіні (24) жалғаңыз.
Сүзгіні автоматты түрде тазалау функциясын өшіру мүмкін емес.	Bosch өкілетті сервистік орталығына хабарласыңыз.
Сүзгіні автоматты түрде тазалау функциясын қосу мүмкін емес.	Bosch өкілетті сервистік орталығына хабарласыңыз.

Керек-жарақтар

	Керек-жарақ нөмірі
Қағаз сүзгі қабы (құрғақ)	2 607 432 035
Тоқымалы сүзгі қабы (құрғақ)	2 607 432 037
Ылғал сүзгі қабы (ылғалды)	2 607 432 039
Қоқыс қабы (ПЭ) (құрғақ/ылғалды)	2 607 432 043

болуы мүмкін заттектерге байланысты қоршаған орта мен денсаулық үшін қауіпті болуы мүмкін.

Тұтынушыға қызмет көрсету және пайдалану кеңестері

Қазақстан

Тұтынушыларға кеңес беру және шағымдарды қабылдау орталығы:

Роберт Бош (Robert Bosch) ЖШС

050012 Алматы қ.,

Қазақстан Республикасы

Мұратбаев к-сі, 180

"Гермес" БО, 7 қабат

Тел.: +7 (727) 331 86 00

Тел.: 8 8000 700 270

Сұрақтар қою және қосалқы бөлшектерге тапсырыс беру кезінде міндетті түрде өнімнің фирмалық тақтайшасындағы 10 таңбалы өнім нөмірін беріңіз.

Кәдеге жарату


Шаңсорғышты, оның жабдықтары мен қаптамасын қоршаған ортаны қорғайтын кәдеге жарату орнына тапсыру қажет.



Шаңсорғышты үй қоқысына тастамаңыз!

Тек қана ЕО елдері үшін:

Пайдалануға әрі қарай жарамайтын электрлік және электрондық құрылғыларды бөлек жинау және қоршаған орта үшін қауіпсіз жолмен кәдеге жарату керек. Белгіленген қоқыс жинау жүйелерін пайдаланыңыз. Қате жолмен кәдеге жарату құрылғы құрамындағы қауіпті



2 607 432 033 (Cellulose)
2 607 432 034 (PES)
2 607 432 041 (PTFE)
AUS/NZ:
2 608 000 810 (HEPA)



2 608 000 585




2 607 000 165



2 607 000 166



2 607 000 170



2 608 000 575



1 609 201 229




1 609 201 230




1 609 390 481



2 608 000 573



1 609 390 478



5 m



35 mm



–

2 608 000 565

5 m

35 mm

•

2 608 000 566

5 m

22 mm

–


2 608 000 567

5 m


22 mm

•

2 608 000 568



2 608 438 691



2 608 438 091

Servicekontakte
Service Contacts
Contacts de Service
Contactos de Servicio



<https://www.bosch-pt.com/serviceaddresses>

Garantiebedingungen
Guarantee Conditions
Conditions de Garantie
Condiciones de Garantía



<https://www.bosch-pt.com/guarantee/202507>